

Ғылыми жетекшінің пікірі

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

(жұмыс түрінің атауы)

Демесбаев Нұрсұлтан Ғабитұлы

(білім алушының Т.А.Ә.)

6B07101 – Электр энергетикасы

(мамандық атауы мен шифрі)

Тақырыбы: Мұнай өңдеу зауытын электрмен жабдықтау және электр энергиясының сапасын арттыру бойынша техникалық шешімдерді әзірлеу

Дипломды орындаған Демесбаев Н.Ғ. заманауи бағдарламалық қамтамасыз етуді тиімді пайдалана отырып, жүктемені есептеу, кернеу сапасын талдау және электр желілерінің сенімділігін арттыру жолдарын негіздей білген. Ұсынылған техникалық шешімдер нақты өндірістік жағдайларға бейімделіп, өндірістің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жалпы, диплом жұмысы құрылымы жағынан талапқа сай, ғылыми және практикалық құндылығы жоғары. Студент өз бетінше жұмыс істей алатын, техникалық ойлау қабілеті дамыған, зерттеу дағдылары қалыптасқан маман ретінде көрінді.

Дипломдық жұмыс «өте жақсы» (90%) бағаға орындалған, ал оның авторы Демесбаев Н.Ғ. 6B07101 – «Энергетика» мамандығы бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесін иеленуге лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекші

Қауымдастырылған профессор, техн.ғыл.канд.

(қызметі, ғыл. дәрежесі, атағы)


қолы

«29» мамыр 2025 ж.

ҚазҰТЗУ 704-21 Ү. Пікір

Хидолда Е.

Т.А.Ә.

РЕЦЕНЗИЯ

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

(жұмыс түрінің атауы)

Демесбаев Нұрсұлтан Ғабитұлы

(оқушының аты-жөні)

6B07101 – Энергетика

Тақырыбы: Мұнай өңдеу зауытын электрмен жабдықтау және электр энергиясының сапасын арттыру бойынша техникалық шешімдерді әзірлеу

Орындалды:

а) графикалық бөлім _____ - _____ парақ

б) түсініктеме _____ бет

Осы дипломдық жұмыста мұнай өңдеу зауытының электрмен жабдықтау жүйесі жобаланған. Электр энергиясының сапасын арттыруға бағытталған техникалық шешімдер ұсынылған. Зерттеу барысында кәсіпорынның электр жүктемелері есептеліп, трансформаторлық қосалқы станциялардың қажетті қуаттылығы анықталды, сондай-ақ технико-экономикалық талдау нәтижелері бойынша электрмен жабдықтаудың оңтайлы сұлбалары таңдалды.

Жұмыста қысқа тұйықталу токтары, қорғаныс құрылғылары және электрмен жабдықтау сенімділігіне ерекше көңіл бөлінген. Сонымен қатар, энергия сапасын арттыру мақсатында кернеу тұрақтандыру және сүзгілер орнату сияқты шешімдер қарастырылған.

ЖҰМЫСТЫҢ БАҒАСЫ

Дипломдық жұмыс «өте жақсы» (90 %) бағаға орындалған, ал оның авторы Демесбаев Н.Ғ. 6B07101 – «Энергетика» мамандығы бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесін иеленуге лайық деп санаймын.

Пікір беруші

АҚ «АЖК» қосалқы станция бөлімі 3 топ қосалқы станция бастығы



Қ. А. Ермағамбетов

« ____ » _____ 2025 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Демесбаев Нұрсұлтан Ғабитұлы

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Мұнай өңдеу зауытын электрмен жабдықтау және электр энергиясының сапасын арттыру бойынша техникалық шешімдерді әзірлеу

Научный руководитель: Еркин Хидолда

Коэффициент Подобия 1: 2.7

Коэффициент Подобия 2: 1

Микропробелы: 1

Знаки из других алфавитов: 70

Интервалы: 0

Белые Знаки: 1

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☒ Обоснование:

Рекомендуем

к

защите

Дата

07.06.2015

Неудовлетворительно

проверяющий эксперт

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Демесбаев Нұрсұлтан Ғабитұлы

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Мұнай өңдеу зауытын электрмен жабдықтау және электр энергиясының сапасын арттыру бойынша техникалық шешімдерді әзірлеу

Научный руководитель: Еркин Хидолда

Коэффициент Подобия 1: 2.7

Коэффициент Подобия 2: 1

Микропробелы: 1

Знаки из других алфавитов: 70

Интервалы: 0

Белые Знаки: 1

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 5.06.2025

Заведующий кафедрой Энергетики

Сейсенбаев Е.А.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ә.Бүркітбаев атындағы энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

Демесбаев Нұрсұлтан Ғабитұлы

Мұнай өңдеу зауытын электрмен жабдықтау және электр энергиясының сапасын арттыру
бойынша техникалық шешімдерді әзірлеу

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6В07101 – «Энергетика» мамандығы

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ә.Бүркітбаев атындағы энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

КОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
«Энергетика» кафедрасының
Менеджерісі
НаО «КазНУ им.К.И.Сәтбаев»
Институт энергетикa, машиностроения
и машиностроения
кауымдастырылған профессор
Е.А.Сарсенбаев
« 5 » 06 2025 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Мұнай өңдеу зауытын электрмен жабдықтау және электр энергиясының
сапасын арттыру бойынша техникалық шешімдерді әзірлеу»

6B07101 – «Энергетика» мамандығы

Орындаған



Демесбаев Н. Ф.

Пікір беруші
АҚ «АЖК» қосалқы станция бөлімі
3 тоя қосалқы станция бастығы
К.А.Ермагамбетов
« 05 » 06 2025 ж.

Ғылыми жетекші
техн. ғыл. канд.,
қауымдастырылған профессор
Е.Хидолда
« 21 » 06 2025 ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ә.Бүркітбаев атындағы энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

6В07101 – «Энергетика» мамандығы

БЕКІТЕМІН

«Энергетика» кафедрасының
менгерушісі

PhD, қауымдастырылған профессор

Е.А.Сарсенбаев

«27» 07 2025 ж.

**Дипломдық жұмысты орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Демесбаев Нұрсұлтан Ғабитұлы

Тақырыбы: Мұнай өңдеу зауытын электрмен жабдықтау және электр энергиясының сапасын арттыру бойынша техникалық шешімдерді әзірлеу.

Университеттің академиялық мәселелер жөніндегі проректорының 29.01.2025 ж. № 26-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 19-мамыр 2025 жыл.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Корек энергожүйенің 63 МВА қуатына және

115/37 кВ кернеуіне ие екі трансформатор орналасқан қосалқы станциясынан алынуы

мүмкін. Трансформаторлар бөлек жұмыс істейді. Энергожүйе қуаты 600 МВА-ға тең. 230

кВ жағындағы қысқа тұйықталу қуаты 1800 МВА-ға тең. Қосалқы станциядан зауытқа

дейінгі қашықтық 17 км.

Дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұны:

а) Мұнай өңдеу зауытын электр энергиясымен қамту;

ә) Қосалқы станция трансформаторлардың қуаты мен санын анықтау;

б) Электрмен қамту нұсқаларын қарастыру

в) Кернеуі 10 кВ қондырғысын таңдау және электр энергиясының сапасын арттыру бойынша техникалық шешімдерді әзірлеу.

Сызба материалдар тізімі:

Сызба бойынша материалдар презентацияда көрсетілген


Ұсынылатын негізгі әдебиет 12 атау

Дипломдық жұмысты дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімдері	Ескерту
Мұнай өңдеу зауытын электр энергиясымен қамту	05.05.25 - 10.05.25ж	—
Электрмен қамту нұсқаларын қарастыру	15.05.25 - 20.05.25ж	—
Кернеуі 10 кВ қондырғысын таңдау және электр энергиясының сапасын арттыру бойынша техникалық шешімдерді әзірлеу	25.05.25 - 30.05.25ж	—

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілердің аты-жөні, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Мұнай өңдеу зауытын электр энергиясымен қамту	Е. Хидолда, техн.ғыл.канд., қауым.профессор	26.05.25ж	
Электрмен қамту нұсқаларын қарастыру	Е. Хидолда, техн.ғыл.канд., қауым.профессор	26.05.25ж	
Кернеуі 10 кВ қондырғысын таңдау және электр энергиясының сапасын арттыру бойынша техникалық шешімдерді әзірлеу	Е. Хидолда, техн.ғыл.канд., қауым.профессор	26.05.25ж	
Норма-бақылау	Ә.О.Бердібеков, магистр, аға оқытушы	30.05.25ж	

Ғылыми жетекшісі

(қолы)

Е.Хидолда

Тапсырманы орындауға алған студент

(қолы)

Н.Ф. Демесбаев

Күні

« 30 » 01 2025ж.

Аңдатпа

Дипломдық жұмыста Ақтау қаласында орналасатын мұнай өңдеу зауытының электр энергиясымен қамту жүйесінің жобасы жасалды. Зауыт бойынша жарықтық және күштік жүктемелерді есептеу, активті және реактивті қуаттар шығындарын анықтау, электр қондырғыларын таңдау жүргізілді. Сонымен қатар зауыттың сыртқы электрмен қамту нұсқаларын салыстырылып, экономикалық шығындар есептелді.

Жұмыстың арнаулы бөлімінде электр энергиясының сапасы зерттелді. Сапаның нашарлауына себепші аспектілер қарастырылып, көрсеткіштерді жақсартуға көмектесетін шараларға ұсыныс берілді.

Аннотация

В дипломной работе разработан проект системы электроснабжения нефтеперерабатывающего завода, расположенного в городе Актау. Был произведен расчет осветительных и силовых нагрузок по заводу, определены потери активной и реактивной мощности, выбраны электроустановки. Также были сопоставлены варианты внешнего электроснабжения завода и рассчитаны экономические затраты.

В специальном разделе проекта было изучено качество электроэнергии. Рассмотрены аспекты, вызывающие ухудшение качества, даны рекомендации по мерам, помогающим улучшить показатели.

Annotation

The thesis presents the project of power supply system of an oil refinery in Aktau. The research includes calculations of power supply and lighting loads, calculation of active and reactive power losses, and selection of the correct electrical equipment. Several external power supply solutions were examined, and then an economic analysis was conducted to determine the most cost-effective solution.

There is a special project division on electricity quality issues, where critical factors leading to the deterioration of electricity are identified and suggestions for improving system performance are proposed.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Мұнай өңдеу зауытын электр энергиясымен қамту	8
1.1	Дипломдық жұмыс үшін берілген деректер	8
1.2	Зауыт электр жүктемелеріне есептеме жүргізу	9
1.2.1	Цехтардың жарықтандыру жүктемесін есептеу	9
1.2.2	0.4 кВ электр жүктемелерін есептеу	12
1.3	Ықтималды трансформатор санын табу және реактивті қуатты өтемдеу	18
1.4	$Q_{\text{нбк}}$ -ны ҚТС-ның жүктемелеріне тең бөлу	20
1.5	Мұнай өңдеуіш зауытының нақтыланған жүктемесінің есептелуі	21
1.5.1	ҚТС-дағы қуат шығындарын анықтау	21
1.5.2	Синхронды қозғалтқыштардың қуаттарын есептеу	22
1.5.3	БТҚС-ның 10 кВ желісіндегі реактивті қуатты өтемелеу	23
2	Электрмен қамту нұсқаларын қарастыру	27
2.1	Бірінші нұсқа	27
2.2	Екінші нұсқа	33
3	Кернеуі 10 кВ қондырғысын таңдау	39
3.1	БТҚС тізбектеріндегі қысқа тұйықталу токтарын есептеу	39
3.2	Ажыратқыш таңдау	41
3.3	Шығыс желісіне кабельдер таңдау	44
3.4	ҚТС-ға жүктеме ажыратқышын және автоматтық ажыратқышты таңдау	47
3.5	Тоқ трансформаторын таңдау	47
3.6	БТҚС шинасын таңдау	51
3.7	Оқшаулағыш таңдау	52
3.8	Кернеу трансформаторларын таңдау	53
3.9	Электр энергиясының сапасын арттыру бойынша техникалық шешімдерді әзірлеу	55
3.9.1	Сапа көрсеткіштері және пайда болу себептері	55
3.9.2	Электр энергиясының сапасын арттыру әдістері	56
3.9.3	Simulink бағдарламасында фильтрді модельдеу	58
	Қорытынды	62
	Қолданылған әдебиеттер тізімі	63

КІРІСПЕ

Мұнай өңдеу зауыты (МӨЗ) – қуаттылығы ең жоғары өнеркәсіп салаларының бірі болып табылады. Сол себепті, оны электрмен жабдықтау жүйелеріне арнайы талаптар қойылады. Қолданылатын электр энергиясының сенімділігі, тұрақтылығы мен сапасы зауыттағы техникалық процесстердің үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Үзіліссіз жұмыс – кәсіпорынның тиімділігіне, қауіпсіздігіне және экономикалық тұрақтылығына тікелей әсерін тигізеді.

Қазіргі таңда өндіріс кезінде кәсіпорындардың ұзақ мерзімде жоғары қуатты электр қондырғыларын, сонын ішінде автоматтандырылған басқару жүйелерін, түрлендіргіш қондырғыларын қолданады. Бұл факторлар тұтынылатын электр энергиясының сапасына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Кернеудің ауытқуы, жоғары жиілікті гармоникалар, фазалық асимметрия секілді ақаулар жабдықтардың бұзылуына, олардың қызмет ету мерзімінің қысқаруына және өндіріс тиімділігінің төмендеуіне себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, электр энергиясының сапасын арттыру – мұнай өңдеу зауытың электрмен жабдықтау жүйесін жобалау мен жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Қазіргі заманғы техникалық және бағдарламалық шешімдерді (мысалы MATLAB/Simulink моделдеу ортасы) пайдалану арқылы жобалау кезеңінде туындауы мүмкін мәселелерді алдын ала анықтап, оларды жою тәсілдерін қарастыруға мүмкіндік туындатады.

Жұмыстың мақсаты:

Мұнай өңдеу зауытын электрмен жабдықтау жүйесін жобалау және электр энергиясының сапасын арттыру әдістрін негіздеу.

Жұмыстың міндеттері:

1) Мұнай өңдеу зауытың электрмен жабдықтау жүйесінің құрылымы мен ерекшеліктерін талдау.

2) Сыртқы электрмен жабдықтау нұсқаларын қарастыру.

3) Электр энергиясының сапасына әсер ететін факторларды анықтау.

4) МӨЗ жағдайында қолдануға болатын электр энергия сапасын жақсарту әдістерін таңдау.

5) MATLAB/Simulink бағдарламасында зауыттың бір бөлімінің электрмен жабдықтау жобасын құру.

6) Электрмен жабдықтау мен энергия сапасын арттыру бойынша ұсыныстар жасау.

Бұл жұмыстың нәтежиелері мұнай өңдеу кәсіпорындарының электрмен жабдықтау жүйесін жобалау кезінде қолдануға ұсыныс беріледі.

1 Мұнай өңдеу зауытын электр энергиясымен қамту

1.1 Дипломдық жұмыс үшін берілген деректер

1) Мұнай өңдеу зауытының бас жоспары;
2) Цех, қондырғылардың электр жүктемелері;
3) Қорек жүйенің 63 МВА қуатына және 115/37 кВ кернеуіне ие екі орамды трансформаторлар орналасқан қосалқы станциясынан алынады. Энергожүйе қуаты 600 МВА-ға тең. 115 кВ жағындағы қысқа тұйықталу қуаты 1800 МВА-ға тең.

4) Қосалқы станция мен объектінің арақашықтығы 17 км.

5) Зауыт екі ауысымда жұмыс істейді.

1.1 – кесте – Электр жүктемелер тізімі

№	Атауы	ЭП, n	Белгілі қуат, кВт	
			P _н	Σ P _н
1	2	3	4	5
1	Электр тұщыландыру қондырғысы	45	1-90	2000
2	Біріктірілген қондырғы	45	1-85	2000
3	Каталитикалық крекинг қондырғысы	30	1-45	1300
4	Газофракциялаушы қондырғы	25	1-85	1100
5	Алкиляция қондырғысы	20	1-150	1400
6	Этил араластырғыш қондырғы	45	1-80	1200
7	Қайтымды сумен жабдықтау блогы	40	1-45	1300
8	Атмосфералық-вакуумдық қондырғы	75	1-90	5400
9	Каталитикалық крекинг қондырғысы			
	0.4 кВ	60	1-85	2100
	10 кВ синхронды қозғалтқыш	4	1250	5000
10	Инертті газ қондырғысы	35	1-85	650
11	Механикалық жөндеу цехы	20	1-10	300
12	Электроцех	45	1-12	400
13	Пожарлық депо	15	1-20	400
14	Орталық зауоттық зертхана	17	1-10	85
15	Әкімшілік корпус, асхана	1	1-30	300
16	Өрт сорғы станциясы	4	750	3000
17	Резервуар паркі	12	25-50	450

1.2 Зауыт электр жүктемелеріне есептеме жүргізу

1.2.1 Цехтардың жарықтандыру жүктемесін есептеу

Кез-келген цехтың жарықтандыруға жұмсалатын жүктеме мөлшері 1.1-ші формула бойынша есептеледі :

$$P_{\text{еж}} = K_{\text{с0}} \cdot P_{\text{у0}} \quad (1.1)$$

мұндағы $K_{\text{с0}}$ – қуат сұраныс коэффициенті;

$P_{\text{тж}}$ – белгілі бір аумақтың жарық көзінің қуаты, Вт;

Ол келесідей анықталады:

$$P_{\text{еж}} = p_0 \cdot F \quad (1.2)$$

мұндағы p_0 – меншікті есептік қуат, Вт/м² ;

F – цехтың ауданы, м².


Жарықтандыруға жұмсалатын жүктеменің реактивті қуаты келесідей анықталады:

$$Q_{\text{еж}} = \text{tg } \varphi \cdot P_{\text{еж}} \quad (1.3)$$

мұндағы $\text{tg } \varphi$ – реактивті қуат коэффициенті.

1.2 – кесте – Мұнай өңдеу зауытын жарықтандыру

Цехтардың атауы	Цех өлшемдері, м ²	p ₀ кВт/м ²	Сұраныс коэфф-і K _c	Жарық. қуаты P _{тж} , кВт	Есептік қуаттар		cosφ	tgφ
					P _{еж} , кВт	Q _{еж} , квар		
Электр тұщыландыру қондырғысы	1536	0.015	0.85	23.04	19.5	14.6	0.8	0.75
Біріктірілген қондырғы	992	0.015	0.8	14.8	11.8	12	0.7	1.02
Каталитикалық крекинг қондырғысы	816	0.015	0.8	12.2	9.7	7.2	0.8	0.75
Газофракциялаушы қондырғы	288	0.015	0.8	4.3	3.4	3.4	0.7	1.02
Алкиляция қондырғысы	384	0.015	0.85	5.7	4.8	4.2	0.75	0.88
Этил араластырғыш қондырғы	1920	0.015	0.8	28.8	23	17.2	0.8	0.75
Қайтымды сумен жабдықтау блогы	1296	0.015	0.8	19.4	15.5	15.8	0.7	1.02
Атмосфералық-вакуумдық қондырғы	2720	0.011	0.8	29.9	23.9	17.9	0.8	0.75
Каталитикалық крекинг қондырғысы	5408	0.015	0.8	81.1	64.8	48.6	0.8	0.75
Инертті газ қондырғысы	1200	0.015	0.8	18	14.4	12.6	0.75	0.88
Механикалық жөндеу цехы	640	0.015	0.8	9.6	7.6	7.7	0.7	1.02
Электроцех	448	0.015	0.85	6.7	5.6	5.7	0.7	1.02
Пожарлық депо	336	0.015	0.8	5	4	3	0.8	0.75
Орталық зауоттық зертхана	384	0.02	0.8	7.6	6	6.1	0.7	1.02
Әкімшілік корпус, асхана	2064	0.02	0.8	41.2	32.9	15.7	0.9	0.48
Өрт сорғы станциясы	528	0.015	0.85	7.9	6.7	5	0.8	0.75
Резервуар паркі	1040	0.015	0.8	15.6	12.4	14.3	0.65	1.16
Территория	307000	0.0005	1	153.5	153.5	73.6	0.9	0.48



1.1 – сурет - Мұнай өңдеу зауытының бас жоспары

1.2.2 0.4 кВ электр жүктемелерін есептеу

0,4 кВ шиналарындағы күштік жүктемелерді "Келтірілген диаграмма" әдісіне сәйкес есептеу барысында кесте төмендегідей тәртіппен толтырылады:

- 1) Ең алдымен, цехтардың атаулары жазылады;
- 2) Әр цехтағы орнатылған электр қабылдағыштарының жалпы саны көрсетіледі;
- 3) Электр қабылдағыштарының ішіндегі ең кіші және ең үлкен тұрақты қуат мәндері кВт түрінде беріледі;
- 4) Барлық қабылдағыштардың орнатылған қуаттарының қосындысы есептеліп, жалпы орнатылған қуат ретінде енгізіледі;
- 5) m коэффициенті көрсетіледі — бұл шаманың мәні тұтыну сипатына қарай анықталады және жүктеменің орташа деңгейін есептеуге көмектеседі:

$$m = \frac{P_{н.маx}}{P_{н.мин}} \quad (1.4)$$

мұндағы $P_{н.маx}$ — қондырғының ең көп тұтына алатын қуат шамасы, кВт;
 $P_{н.мин}$ — керісінше ең аз тұтынатын қуат шамасы, кВт.

$$m = \frac{10}{1} > 3$$

6) Пайдалану коэффициенті — бұл көрсеткіш әрбір цехтағы жабдықтардың нақты жұмыс уақытын сипаттайды және олардың тиімділігіне байланысты жазылады.

7) $\cos\varphi$ — қуат коэффициенті — электр қабылдағыштардағы ток пен кернеу арасындағы фазалық ығысуды сипаттайтын шаманың мәні көрсетіледі. Ол жүйенің қаншалықты тиімді жұмыс істейтінін анықтайды.

8) $\tg\varphi$ — реактивті қуат коэффициенті — бұл шама $\cos\varphi$ мәніне байланысты алынады және жүйедегі реактивті қуаттың үлесін бейнелейді.

9) Ең жоғары жүктелетін ауысымдағы орташа активті қуат — өндірістегі тұтынудың ең қарқынды кезінде байқалатын орташа қуат көлемі анықталып, тиісті жолға енгізіледі.

$$P_0 = K_{и} \cdot P_{н} \quad (1.5)$$

мұндағы $K_{и}$ — пайдалану коэффициенті;
 $P_{н}$ — номиналды активті қуат, кВт.

10) Ең ауыр ауысымдағы орташаланған реактивті қуат мәні анықталып, енгізіледі:

$$Q_0 = P_0 \cdot \tg\varphi \quad (1.6)$$

мұнда P_0 — жоғары жүктелген мезгілдегі орташаланған активті қуат;

$tg\varphi$ – реактивті қуат коэффициенті.

11) Электр тұтынушылардың тиімді саны анықталады:

$$n_3 = \frac{2 \cdot \sum P_H}{P_{H.\max}} \quad (1.7)$$

Қабылданған шарт бойынша $n_3 \leq n$ сондықтан, $n_3 = n$ деп қабылдаймыз.

12) Максимум коэффициенті - электр жүктемесінің есептік мәнін анықтауға қажет. Ол электр қабылдағыштардың тиімді саны мен пайдалану коэффициентіне байланысты есептеледі. Аталған коэффициент жүктеменің ең жоғары деңгейін сипаттайды және сол мән кестеге енгізіледі.

13) Есептік активті қуат анықтауда күштік электр қабылдағыштардың нақты жүктеме кезіндегі активті қуаты көрсетіледі. Ол алдыңғы жолдарда көрсетілген деректер негізінде есептеліп, кестеге жазылады.

$$P_e = K_M \cdot P_0 \quad (1.8)$$

мұндағы K_M – максимум коэффициенті;

P_0 – жоғары жүктелген мезгілдегі орташа активті қуат, кВт.

14) Электр тұтынушыларының есептелген реактивті қуат мәндері енгізіледі:

$$Q_e = Q_0 \text{ егер } n_3 > 10$$

$$Q_e = 1.1 \cdot Q_0 \text{ егер } n_3 < 10$$

15) Толық қуаттың есептік мәні анықталады:

$$S_e = \sqrt{P_{e0.4}^2 + Q_{e0.4}^2} \quad (1.9)$$

Мұндағы $Q_{e0.4}$ – 0.4 кВ реактивті қуаты, квар;

$P_{e0.4}$ – 0.4 кВ активті қуаты, кВт.

Электр жүктемелерінің нәтежиелері 1.3-кестеге енгізілген.

1.3 – кесте – Зауыттағы кернеуі $U = 0.4$ кВ цехтардың жүктемелерінің есептемесі

№	Цехтың атауы	n	Номиналды қуат		m	$K_{и}$	$\cos\varphi$	$\operatorname{tg}\varphi$	Орташа қуат		$n_{э}$	$K_{м}$	Есептік қуат			R, мм	α , град
			$P_{\min}$ - $P_{\max}$, кВт	$\sum P_{н}$, кВт					$P_{орт}$ кВт	$Q_{орт}$ квар			$P_{е}$, кВт	$Q_{е}$, квар	$S_{е}$, кВА		
1	Электр тұщыландыру қондырғысы																
	Күштік	45	1-90	2000	>3	0.5	0.8	0.75	1000	750	44.4	1.2	1200	750			
	Жарықтық								19.5	14.6			19.5	14.6			
	Барлығы								1019.5	764.6			1219.5	764.6	1439.3	88	6
2	Біріктірілген қондырғы																
	Күштік	45	1-85	2000	>3	0.5	0.7	1.02	1000	1020	47	1.1	1100	1020			
	Жарықтық								11.8	12			11.8	12			
	Барлығы								1011.8	1032			1111.8	1032	1516.9	84.1	3
3	Каталитикалық крекинг қондырғысы																
	Күштік	30	1-45	1300	>3	0.5	0.8	0.75	650	487.5	57	1.1	715	487.5			
	Жарықтық								9.7	7.2			9.7	7.2			
	Барлығы								659.7	489.7			724.7	494.7	877.4	68	5
4	Газофракциялаушы қондырғы																
	Күштік	25	1-85	1100	>3	0.4	0.7	1.02	440	448.8	25.8	1.3	572	448.8			
	Жарықтық								3.4	3.4			3.4	3.4			

1.3 – кесте жалғасы

№	Цехтың атауы	n	Номиналды қуат		m	K _и	cosφ	tgφ	Орташа қуат		n _э	K _м	Есептік қуат			R, мм	α, град
			P _{min} - P _{max} , кВт	ΣP _н , кВт					P _{орт} кВт	Q _{орт} квар			P _е , кВт	Q _е , квар	S _е , кВА		
	Барлығы								443.4	452.2			575.4	452.2	731.8	60.5	2
5	Алкиляция қондырғысы																
	Күштік	20	1-150	1400	>3	0.55	0.75	0.88	770	677.6	18.6	1.1	847	677.6			
	Жарықтық								4.8	4.2			4.8	4.2			
	Барлығы								774.8	681.8			851.8	681.8	1091	73.6	2
6	Этил араластырғыш қондырғы																
	Күштік	45	1-80	1200	>3	0.5	0.8	0.75	600	450	28.5	1.3	780	450			
	Жарықтық								23	17.2			23	17.2			
	Барлығы								623	467.2			803	467.2	929	71.5	10
7	Қайтымды сумен жабдықтау блогы																
	Күштік	40	1-45	1300	>3	0.5	0.7	1.02	650	663	46.6	1.1	715	663			
	Жарықтық								15.5	15.8			15.5	15.8			
	Барлығы								665.5	678.8			730.5	678.8	997.1	68	7
8	Атмосфералық-вакуумдық қондырғы																
	Күштік	75	1-90	5400	>3	0.5	0.8	0.75	2700	2025	120	1.1	2970	2025			
	Жарықтық								23.9	17.9			23.9	17.9			

1.3 – кесте жалғасы

№	Цехтың атауы	n	Номиналды қуат		m	K _и	cosφ	tgφ	Орташа қуат		n _э	K _м	Есептік қуат			R, мм	α, град
			P _{min} - P _{max} , кВт	ΣP _н , кВт					P _{орт} кВт	Q _{орт} квар			P _е , кВт	Q _е , квар	S _е , кВА		
	Барлығы								2723.9	2042.9			2993.9	2042.9	3624.4	138	3
9	Каталикалық крекинг қондырғысы																
	Күштік	60	1-85	2100	>3	0.5	0.8	0.75	1050	787.5	49.4	1.1	1155	787.5			
	Жарықтық								64.8	48.6			64.8	48.6			
	Барлығы								1114.8	836.1			1219.8	836.1	1478.8	88	19
10	Инертті газ қондырғысы																
	Күштік	35	1-85	650	>3	0.55	0.75	0.88	357.5	314.6	15.2	1.3	464.75	314.6			
	Жарықтық								14.4	12.6			14.4	12.6			
	Барлығы								371.9	327.2			479.1	327.2	580.1	55	11
11	Механикалық жөндеу цехы																
	Күштік	20	1-10	300	>3	0.2	0.7	1.02	60	61,2	60	1.1	66	67.3			
	Жарықтық								7.6	7.7			7.6	7.7			
	Барлығы								67.6	68.9			73.6	75	105	21.7	39
12	Электроцех																
	Күштік	45	1-12	400	>3	0.3	0.7	1.02	120	122.4	40	1.2	144	122.4			
	Жарықтық								5.6	5.7			5.6	5.7			
	Барлығы								125.6	128.1			149.6	128.1	196.9	31	13
13	Пожарлық депо																
	Күштік	15	1-20	400	>3	0.4	0.8	0.75	160	120	40	1.9	304	120			

1.3 – кесте жалғасы

№	Цехтың атауы	n	Номиналды қуат		m	K _и	cosφ	tgφ	Орташа қуат		n _э	K _м	Есептік қуат			R, мм	α, град
			P _{min} - P _{max} , кВт	ΣP _н , кВт					P _{орт} кВт	Q _{орт} квар			P _е , кВт	Q _е , квар	S _е , кВА		
	Жарықтық								4	3			4	3			
	Барлығы								164	123			308	123	331.6	40	51
14	Орталық зауоттық зертхана																
	Күштік	17	1-10	85	>3	0.4	0.7	1.02	34	34.6	17	1.3	44.2	38			
	Жарықтық								6	6.1			6	6.1			
	Барлығы								40	40.7			50.2	44.1	66.8	18	43
15	Әкімшілік корпус, асхана																
	Күштік	1	1-30	300	>3	0.4	0.9	0.48	120	57.6	20	1.2	144	57.6			
	Жарықтық								32.9	15.7			32.9	15.7			
	Барлығы								152.9	73.3			176.9	73.3	191.4	33	67
17	Резервуар паркі																
	Күштік	12	25-50	450	<3	0.3	0.65	1.16	135	156.6	18	1.5	202.5	156.6			
	Жарықтық								12.4	14.3			12.4	14.3			
	Барлығы								147.4	170.9			214.9	170.9	274.5	37	20
	Территорияны жарықтандыру												153.5	73.6			
	Зауыт бойынша												11836.2	8465.5	14552		

1.3 Ықтималды трансформатор санын табу және реактивті қуатты өтемдеу

Реактивті қуатты электр желісі арқылы тасымалдау — сымдар мен кабельдердің көлденең қималарын ұлғайтуға, трансформаторлардың үлкенірек қуатпен таңдалуына және желідегі қосымша қуат шығындарының артуына себеп болады. Мұндай шығындардың алдын алу үшін желі ішінде реактивті қуатты компенсациялау әдістері қолданылады.

Цехтағы трансформаторлардың қажетті қуаты мен санын дұрыс анықтау кезінде бірнеше маңызды факторлар ескерілуі қажет. Атап айтқанда: электрмен жабдықтау сенімділігінің талап етілетін санаты, 1 кВ-қа дейінгі кернеудегі реактивті қуатты өтеу мүмкіндігі, сондай-ақ трансформаторлардың қалыпты және төтенше жағдайлар кезіндегі жұмысқа бейімділігі.

$$P_{e0,4}=11836.2 \text{ кВт};$$

$$Q_{e0,4}=8465.5 \text{ квар};$$

$$S_{e0,4}=14552 \text{ кВА}.$$

Қажетті трансформаторлардың минималды санын келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$N_{\text{т min}} = \frac{P_{\text{р 0,4}}}{K_3 \times S_{\text{нт}}} + \Delta N = \frac{11836.2}{0.8 \times 1600} = 9.2 + 0.8 = 10 \quad (1.10)$$

$S_{\text{нт}}=1600$ кВА қуатына ие трансформаторы таңдалады.

$K_3=0.8$ себебі, зауыт 2-ші категориялы кәсіпорын

Таңдалған трансформаторлар саны ең жоғары реактивті қуатын анықтайды Q_1 .

$$Q_1 = \sqrt{(N_{\text{тз}} \times S_{\text{нт}} \times K_3)^2 - P_{\text{р 0,4}}^2} = \sqrt{(10 \times 1600 \times 0.8)^2 - 11836.2^2} = 4872.8 \text{ квар}. \quad (1.11)$$

0,4 кВ деңгейіндегі шиналар жүйесінде реактивті қуаттың теңгерімі ережелеріне сүйене отырып, $Q_{\text{нбк}}$ шамасын табамыз. Бұл есептеу желідегі тұтыну мен компенсация көлемдерінің өзара сәйкестігін бағалауға мүмкіндік береді.

$$Q_{\text{нбк}} + Q_1 = Q_{\text{р}} \quad (1.12)$$

$$Q_{\text{нбк}} = Q_{\text{р 0,4}} - Q_1 = 8465.5 - 4872.8 = 3592.7 \text{ квар}$$

Бір батарея конденсатор қуатын анықтаймыз:

$$Q_{\text{нбк III}} = \frac{Q_{\text{нбк}}}{N_{T3}} = \frac{3592.7}{10} \approx 359.2 \text{ квар.} \quad (1.13)$$

1.4 – кесте – ҚТС бойынша цех жүктемелерін тарату

№ ҚТС S _{нт} , Q _{нбк III}	Цех	P _{е0.4} , кВт	Q _{е0.4} , квар	S _{е0.4} , кВА	K _з
ҚТС 1-2 (4x1600) ΣS _н =4·1600=6400 кВА Q _{нбк} =4·359.2=1436.8 квар Барлығы	8	2993.9	2042.9		
	9	1219.8	836.1		
	10	479.1	327.2		
	Жарық.	153.5	73.6		
		4846.3	3279.8		
			-1436.8		
		4846.3	1843	5185	0.93
ҚТС 3 (2x1600) ΣS _н =2·1600=кВА Q _{нбк} =2·359.2=718.4 квар Барлығы	6	803	467.2		
	7	730.5	678.8		
	11	73.6	75		
	17	214.9	170.9		
		1822	1391.9		
			-718.4		
		1822	673.5	1942.4	0.93
ҚТС 4-5 (4x1600) ΣS _н =4·1600=6400кВА Q _{нбк} =4·359.2=1436.8квар Барлығы	1	1219.5	764.6		
	2	1111.8	1032		
	3	724.7	494.7		
	4	575.4	452.2		
	5	851.8	681.8		
	12	149.6	128.1		
	13	308	123		
	14	50.2	44.1		
	15	176.9	73.3		
		5168	3793.8		
			-1436.8		
		5168	2357	5680	0.9

1.4 $Q_{\text{нбк}}$ -ны ҚТС-ның жүктемелеріне тең бөлу

Берілгені:

$$Q_{\epsilon 0,4}=8465.5 \text{ квар}; \quad Q_{\text{нбк}}=3592.7 \text{ квар}.$$

ҚТС 1-2:

$$Q_{\epsilon \text{ ҚТС1-2}}=3279.8 \text{ квар}, \quad Q_{\text{р нбк}}=x,$$

$$Q_{\text{р нбк}} = \frac{Q_{\text{нбк}} \times Q_{\text{р ҚТС1-2}}}{Q_{\epsilon 0,4}} = \frac{3592.7 \cdot 3279.8}{8465.5} = 1392 \text{ квар}, \quad (1.14)$$

Анықтамадан (Ю. Г. Барыбина) УКЛН-0,38-450-150 УЗ конденсаторлық қондырғысын таңдаймыз, ал нақты реактивті қуат:

$$Q_{\phi \text{ ҚТС1-2}}=4 \cdot 450 = 1800 \text{ квар},$$

ал компенсацияланбаған қуат :

$$Q_{\text{ком}}=Q_{\epsilon \text{ ҚТС1-2}} - Q_{\phi \text{ ҚТС1-2}}= 3279.8-1800=1480 \text{ квар}. \quad (1.15)$$

ҚТС 3:

$$Q_{\epsilon \text{ ҚТС3}}= 1392 \text{ квар}, \quad Q_{\epsilon \text{ нбк}}=x,$$

$$Q_{\text{р нбк}} = \frac{Q_{\text{нбк}} \times Q_{\epsilon \text{ ҚТС3}}}{Q_{\epsilon 0,4}} = \frac{3592.7 \cdot 1392}{8465.5} = 590.7 \text{ квар}, \quad (1.16)$$

УКТБ-0,38-150 УЗ конденсаторлық қондырғысын таңдаймыз, ал нақты реактивті қуат:

$$Q_{\phi \text{ ҚТС3}}=2 \times 150=300 \text{ квар}.$$

Компенсацияланбаған қуат:

$$Q_{\text{ком}}= Q_{\epsilon \text{ ҚТС3}} - Q_{\phi \text{ ҚТС3}}= 1392-300=1092 \text{ квар}. \quad (1.17)$$

ҚТС 4-5:

$$Q_{e\text{ КТС4-5}}=3794 \text{ квар}, Q_{e\text{ нбк}}=x,$$

$$Q_{e\text{ нбк}} = \frac{Q_{\text{нбк}} \times Q_{e\text{ КТС4-5}}}{Q_{e0,4}} = \frac{3592.7 \cdot 3794}{8465.5} = 1610 \text{ квар}. \quad (1.18)$$

Төмен кернеулі конденсаторлық қондырғылар: УКЛН-0,38-450-150 УЗ
Нақтыланған реактивті қуат шамасы:

$$Q_{\phi\text{ КТС4-5}} = 4 \cdot 450 = 1800 \text{ квар}$$

Ал компенсацияланбаған қуат:

$$Q_{\text{ком}} = Q_{e\text{ КТС4-5}} - Q_{\phi} = 3794 - 1800 = 1994 \text{ квар}. \quad (1.19)$$

1.5 – кесте – реактивті қуатты өтеудің нақтыланған жіктелуі

№ КТС	$Q_{e\text{ КТС}}$	$Q_{e\text{ нбк КТС}}$	$Q_{\text{факт нбк КТС}}$	$Q_{\text{ком}}$
КТС 1-2	3279.8	1392	1800	1480
КТС 3	1392	590.7	300	1092
КТС 4-5	3794	1610	1800	1994
Барлығы	8465.8	3592.7	3900	4566

1.5 Мұнай өңдеуіш зауытының нақтыланған жүктемесінің есептелуі

1.5.1 КТС-дағы қуат шығындарын анықтау

Трансформатордағы активті қуат шығындары:

$$\Delta P_{\text{т}} = \Delta P_{\text{бж}} + \Delta P_{\text{кт}} \cdot K_3^2 \quad (1.20)$$

Трансформатордың реактивті қуат шығындары:

$$\Delta Q_{\text{т}} = \Delta Q_{\text{бж}} + \Delta Q_{\text{кт}} \cdot K_3^2 = \frac{I_{\text{бж}}}{100} \cdot S_{\text{нт}} + \frac{U_{\text{кт}}}{100} \cdot S_{\text{нт}} \cdot K_3^2 \quad (1.21)$$

ТМН-1600-10/0.4 Трансформаторын таңдаймыз

$U_{\text{В}}=6 \text{ кВ}$, $U_{\text{Н}}=0.4 \text{ кВ}$, $\Delta P_{\text{бж}}=1,31 \text{ кВт}$, $\Delta P_{\text{кт}}=8,5 \text{ кВт}$, $I_{\text{бж}}=2\%$, $U_{\text{кт}}=5,5\%$

ҚТС 1-2:

$$K_3=0.93, N=4.$$

$$\Delta P_m = (1.31 + 8.5 \cdot 0.93^2) \cdot 4 = 34.6 \text{ кВт}.$$

$$\Delta Q_m = 0.01 \cdot (2 + 5.5 \cdot 0.93^2) \cdot 4 \cdot 1600 = 432.4 \text{ квар}.$$

ҚТС 3:

$$K_3=0.93, N=2.$$

$$\Delta P_m = (1.31 + 8.5 \cdot 0.93^2) \cdot 2 = 17.3 \text{ кВт}.$$

$$\Delta Q_m = 0.01 \cdot (2 + 5.5 \cdot 0.93^2) \cdot 2 \cdot 1600 = 216.2 \text{ квар}.$$

ҚТС 4-5:

$$K_3=0.9, N=4.$$

$$\Delta P_m = (1.31 + 8.5 \cdot 0.9^2) \cdot 4 = 32.8 \text{ кВт},$$

$$\Delta Q_m = 0.01 \cdot (2 + 5.5 \cdot 0.9^2) \cdot 4 \cdot 1600 = 413.1 \text{ квар}.$$

Соммалық шығындар:

$$\begin{aligned} \Sigma P_{1-10} &= 34.6 + 17.3 + 32.8 = 84.7 \text{ кВт}, \\ \Sigma Q_{1-10} &= 432.4 + 216.2 + 413.1 = 1061.7 \text{ квар}. \end{aligned}$$

1.5.2 Синхронды қозғалтқыштардың қуаттарын есептеу

9-шы цех синхронды қозғалтқышы бойынша берілген мәліметтер:

$$P_{\text{н.СК}} = 1250 \text{ кВт}; \cos \varphi = 0.805; N_{\text{СК}} = 4; K_3 = \beta = 0.85.$$

Қозғалтқыштардың активті және реактивті қуаттарын есептейміз:

$$P_e = P_{\text{н.СК}} \cdot N_{\text{СК}} \cdot K_3 = 1250 \cdot 4 \cdot 0.85 = 4250 \text{ кВт}. \quad (1.22)$$

$$Q_{e\text{СК}} = P_{e\text{СК}} \cdot \tan \varphi = 4250 \cdot 0.737 = 3132 \text{ квар}. \quad (1.23)$$

$$S_{e\text{СК}} = \frac{P_{e\text{СК}}}{\cos \varphi} = \frac{4250}{0.805} = 5279.5 \text{ кВА}. \quad (1.24)$$

Бір қозғалтқыш үшін:

$$S_{eCK} = \frac{S_{eCK}}{N} = \frac{5279.5}{4} = 1320 \text{ кВА} \quad (1.25)$$

16-шы цех бойынша берілген мәліметтер

$P_{нCK} = 750 \text{ кВт}; \cos \varphi = 0,9; N_{CK} = 4; \kappa_3 = \beta = 0.85.$

Қозғалтқыштардың активті және реактивті қуаттарын есептейміз:

$$P_e = P_{нCK} \cdot N_{CK} \cdot K_3 = 750 \cdot 4 \cdot 0.85 = 2550 \text{ кВт} \quad (1.26)$$


$$Q_{eCK} = P_{eCK} \cdot \operatorname{tg} \varphi = 2550 \cdot 0,48 = 1224 \text{ квар.} \quad (1.27)$$

$$S_{eCK} = \frac{P_{eCK}}{\cos \varphi} = \frac{2550}{0,9} = 2833.3 \text{ кВА.} \quad (1.28)$$

Бір қозғалтқыш үшін:

$$S_{eCK} = \frac{S_{eCK}}{N} = \frac{2833.3}{4} = 708 \text{ кВА} \quad (1.29)$$

1.5.3 БТҚС-ның 10 кВ желісіндегі реактивті қуатты өтемелеу
Орыналмасу схемасы келесідей болады.



1.2 - сурет - Орыналмасу схемасы

Резервті қуат:

$$Q_{рез} = 0.1 \cdot \Sigma Q_{есеп} = 0.1 \cdot (Q_{e0.4} + \Delta Q_T) \quad (1.30)$$

$$Q_{рез} = 0.1 \cdot (8465.5 + 1061.7) = 952.7 \text{ квар}$$

Энергожүйе қуаты:

$$Q_{\Sigma} = 0.25 \cdot \Sigma P_e = 0.25 \cdot (P_{e0.4} + P_{CK} + \Delta P_T) \quad (1.31)$$

$$Q_{\Sigma} = 0.25 \cdot (11836.2 + 84.7 + 5000 + 3000) = 4980.2 \text{ квар}$$

ВБК қуатын есептейміз:

$$Q_{ВБК} = Q_{e0.4} + \Delta Q_T + Q_{рез} - Q_{\Sigma} - Q_{CK} - Q_{НБК}, \quad (1.32)$$

$$Q_{ВБК} = -4073 \text{ квар.}$$

$Q_{ВБК} < 0$ квар болғандықтан, ВБК таңдамалмайды.

1.6 – кесте – Зауыттың нақтыланған есебі

ҚТС	Цех	п	Орн. қуат		K _и	Орташа қуат		N _э	K _м	Есептік қуат			K _з						
			P _{min} -P _{max}	Ортақ ΣP _н , кВт		P _{орт} кВт	Q _{орт} квар			P _е , кВт	Q _е , квар	S _е , кВА							
ҚТС 1-2 4x1600 күштік жарықтандыру Тер. Жарық. Қнбк Барлығы	8	75	1-90	5400		2700	2025												
	9	60	1-85	2100		1050	787.5												
	10	35	1-85	650		357.5	314.6												
		170	1-90	8150	0.45	4107.5	3127	181	1.05	4313	3127								
											103.1			79.1					
											153.5			73.6					
														-1436					
											4570			1843.7	4928	0.92			
ҚТС 3 2x1600 күштік жарықтандыру Қнбк Барлығы	6	45	1-80	1200		600	450												
	7	40	1-45	1300		650	663												
	11	20	1-10	300		60	61.2												
	17	12	25-50	4510		135	156.6												
		117	1-80	7310	0.5	1445	1330.8	183	1.05	1517.2	1330.8								
											58.5			55					
														-718					
											1575.7			667.8	1711.3	0.92			

1.6 – кесте жалғасы


ҚТС	Цех	n	Орн. қуат		К _и	Орташа қуат		N _э	K _м	Есептік қуат			K _з
			P _{min} - P _{max}	Ортақ ΣP _н , кВт		P _{орт} кВт	Q _{орт} квар			P _е , кВт	Q _е , квар	S _е , кВА	
ҚТС 4-5 4x1600	1	45	1-90	2000		1000	750						
	2	45	1-85	2000		1000	1020						
	3	30	1-45	1300		650	487.5						
	4	25	1-85	1100		440	448.8						
	5	20	1-150	1400		770	677.6						
	12	45	1-12	400		120	122.4						
	13	15	1-20	400		160	120						
	14	17	1-10	85		34	34.6						
	15	1	1-30	300		120	57.6						
	күштік жарықтандыру Қнбк Барлығы		223	1-150	8985	0.6	4294	3718.5	120	1.07	4594.5	3718.5	
							97.7	72					
								-1436					
							4692.2	2354.5	5250	0.89			
Трансф. Шығыны										84.7	1061.7		
Жалпы жүктеме. 0,4кВ келтірілген										10923	5928		
СҚ	9	4	1250	5000						4250	-3132.2		
СҚ	16	4	750	3000						2550	-1224		
Жалпы завод										17723	1571.8	17792	

2 Электрмен қамту нұсқаларын қарастыру

Қорек энергосүйенің 63 МВА қуатына және 115/37 кВ кернеуіне ие екі үш орамды трансформаторлар орналасқан қосалқы станциясынан алынуы мүмкін. Трансформаторлар бөлек жұмыс істейді. Энергосүйе қуаты 600 МВА-ға тең. 115 кВ жағындағы қысқа тұйықталу қуаты 1800 МВА-ға тең. Қосалқы станциядан зауытқа дейінгі қашықтық 17 км.

- а) Бірінші нұсқа – 115 кВ ӘӘБЖ дәнекерлеу;
- б) Екінші нұсқа – ӘБЖ 35 кВ;

2.1 Бірінші нұсқа



2.1 - сурет - Электрмен жабдықтаудың бірінші нұсқасы

Бірінші нұсқа үшін электр қондырғыларын таңдау.

- 1) БТҚС трансформаторларын таңдаймыз:

$$S = \sqrt{P_e^2 + Q_e^2} = \sqrt{17723^2 + 4980.2^2} = 18410 \text{ кВА.} \quad (2.1)$$

Қуаты 16000 кВА екі трансформатор таңдаймыз.
Жүктелу коэффициенті:

$$K_3 = \frac{S_e}{2 \cdot S_H} = \frac{18410}{2 \cdot 16000} = 0.57. \quad (2.2)$$

Трансформаторлардың паспорттық мәліметтері:

Трансформатор типі ТДН –16000/110;

$S_H = 16 \text{ МВА}$, $U_{BH} = 115 \text{ кВ}$, $U_{HH} = 10.5 \text{ кВ}$, $\Delta P_{бж} = 18 \text{ кВт}$, $\Delta P_{кт} = 85 \text{ кВт}$,
 $U_{кт} = 10.5\%$, $I_{бж} = 0.5\%$.

Трансформаторлардың қуаттық шығындарын есептеу:

Активті қуат:

$$\Delta P_{тбтп} = 2 \cdot (\Delta P_{бж} + \Delta P_{кт} \cdot K_3^2) = 2 \cdot (18 + 85 \cdot 0.57^2) = 91.2 \text{ кВт.} \quad (2.3)$$

Реактивті қуат:

$$\Delta Q_{тбтп} = 0.02 \cdot (I_{xx} + U_{кз} \cdot K_3^2) \cdot S_H, \quad (2.4)$$

$$\Delta Q_{тбтп} = 0.02 \cdot (0.5 + 10.5 \cdot 0.57^2) \cdot 16000 = 1251.6 \text{ квар.}$$

Трансформаторлардағы энергия шығындары:

Үш ауысымды жұмыс режимі үшін $T_{қос} = 6000 \text{ сағ}$. Ал $T_{макс} = 6000 \text{ сағ}$.

Мұндай жағдайда ең көп мүмкін шығын уақыты келесі формула арқылы есептеледі:

$$\tau = (0.124 + T_m \cdot 10^{-4})^2 \cdot 8760 = (0.124 + 6000 \cdot 10^{-4})^2 \cdot 8760 = 4592 \text{ сағ}$$

Трансформаторлардағы активті энергия шығындары:

$$\Delta W = 2 \cdot (\Delta P_{бж} \cdot T_{қос} + \Delta P_{кт} \cdot \tau \cdot K_3^2)$$

$$\Delta W = 2 \cdot (18 \cdot 6000 + 85 \cdot 4592 \cdot 0,57^2) = 469629 \text{ кВт} \cdot \text{сағ}$$

ЭБЖ –115 кВ.

ЭБЖ бойымен өтетін толық қуаттың мәні:

$$S_{\text{эбж}} = \sqrt{(P_e + \Delta P_{\text{тбтн}})^2 + Q_9^2} = \sqrt{(17723 + 91.2)^2 + 4980.2^2} = 18497.2 \text{ кВА}.$$

Бір желімен жүретін ток:

$$I_e = \frac{S_{\text{эбж}}}{2 \cdot \sqrt{3} \cdot U_n} = \frac{18497.2}{2 \cdot \sqrt{3} \cdot 115} = 46.4 \text{ А}.$$

Апаттық режим тоғы:

$$I_a = 2 \times I_e = 2 \times 46.4 = 92.8 \text{ А}. \quad (2.5)$$

Экономикалық ток тығыздығы арқылы сым қимасын анықтаймыз:

$$F = \frac{I_e}{j} = \frac{46.4}{1} = 46.4 \text{ мм}^2. \quad (2.6)$$

Бұл жағдайда $j = 1 \text{ А/мм}^2$ мәні — $T_m = 6000$ сағат болғанда және өткізгіш материалы ретінде алюминий сымдар қолданылғандағы экономикалық ток тығыздығы ретінде алынады.

Маркасы АС –70/11 кабель таңдаймыз $I_{\text{кос}} = 265 \text{ А}$.

Таңдалған кабельдің жылулық жүктемеге төзімділігі рұқсат етілген қызу шегіне сәйкестігі тұрғысынан тексеріледі.

Есептік ток кезінде:

$$I_{\text{кос}} = 265 \text{ А} > I_e = 46.4 \text{ А}$$

Апаттық режимде:

$$I_{\text{кос а}} = 1,3 \times I_{\text{кос}} = 1,3 \times 265 = 347 \text{ А} > I_a = 92.8 \text{ А}. \quad (2.7)$$


ЭБЖ-нің электроэнергия шығындары:

$$\Delta W_{\text{эбж}} = 2 \cdot 3 \cdot I_p^2 \cdot R \cdot 10^{-3} \cdot \tau = 2 \cdot 3 \cdot 46.4^2 \cdot 7.3 \cdot 10^{-3} \cdot 4592 = 433023 \text{ кВтсағ},$$

мұнда $R=r_0 \cdot L=0,43 \times 17=7.3$ Ом,
 $r_0=0.43$ Ом/км - қималы алюминий сымның меншікті кедергісі.

1) $U=115$ кВ сөндіргіштер мен ажыратқыштарды таңдау

Таңдау алдында орыналмасу схемасын (2.2 сурет) сызып, қысқа тұйықталу тогын есептейік.



2.2 – сурет – Орыналмасу схемасы

$S_b=1000$ МВА; $U_b=115$ кВ.

$$x_c = \frac{S_6}{S_{KT}} = \frac{1000}{1800} = 0.55 \text{ о.е.}$$

$$I_6 = \frac{S_6}{\sqrt{3} \times U_H} = \frac{1000}{\sqrt{3} \times 115} = 5.02 \text{ кА}; \quad (2.8)$$

$$X_{ж} = X_0 \cdot L \cdot \frac{S_6}{U_{cp}^2} = 0.4 \cdot 17 \cdot \frac{1000}{115^2} = 0.51 \text{ о.е.} \quad (2.9)$$

$$I_{k1} = \frac{I_6}{X_c + X_{ж}} = \frac{5.02}{0.55 + 0.51} = 4.73 \text{ кА}; \quad (2.10)$$

$$i_y = \sqrt{2} \cdot K_y \cdot I_{k1} = \sqrt{2} \cdot 1.8 \cdot 4.73 = 12 \text{ кА}. \quad (2.11)$$

В1 В2 В3 В4 ажыратқыштарын таңдаймыз
 Ажыратқыш ВБО-110-31,5/2000

$$I_{ном}=2000 \text{ А} > I_a=92.8 \text{ А};$$

$$I_{айыр}=31,5 \text{ кА} > I_{k1}=4.73 \text{ кА};$$

$$I_{\text{пред}}=62\text{кА}>I_y=12\text{кА};$$

$$I_{\text{терм}}=31,5\text{кА}>I_{k1}=4.73\text{кА}$$

Р1-Р6 айырғыштарын таңдау:
Айырғыш РДЗ-110/1000 УХЛ1

$$I_{\text{ном}}=1000\text{А}>I_a=92.8\text{А}$$

$$I_{\text{дин}}=100\text{кА}>I_y=12\text{кА}$$

$$I_{\text{терм}}=40\text{кА}>I_{k1}=4.73\text{кА}$$

ӘЭБЖ-115 кВ нұсқасының қондырғы шығындарын есептеу

Ажыратқыштарға кететін шығындар: В1-2, В3-4 (4 дана)

$$K_{B1-4}=n \cdot K_B \quad (2.12)$$

$$K_{B1-4}=4 \cdot 1.7 \cdot 10^6 = 6.8 \text{ млн. тг.}$$

Айырғышқа кететін шығындар: Р1-2, Р3-4, Р5-6 (6 дана)

$$K_{P1-6}=4 \cdot 3 \cdot 10^6 = 12 \text{ млн. тг.}$$

БТҚС трансформаторларының шығыны:

$$K_{TP}=2 \cdot 90 \cdot 10^6 = 180 \text{ млн. тг.}$$

Жабдықтарға кететін толық шығын:

$$K_{\text{ж}} = K_{B1-4} + K_{P1-6} + K_{TP1-2} = 6.8 + 12 + 180 = 198.8 \text{ млн. тг.} \quad (2.13)$$

ӘЭБЖ-115 шығыны:

$$K_{\text{уд}} = 4.5 \cdot 10^6 \text{ тг/км}$$

$$K_{\text{ЭБЖ}} = L \cdot K_{\text{уд}} = 17 \cdot 4.5 \cdot 10^6 = 76.5 \text{ млн. тг.} \quad (2.14)$$

$$K_{\Sigma} = K_{\text{ж}} + K_{\text{ЭБЖ}} = 198.8 + 76.5 = 275.3 \text{ млн. тг.} \quad (2.15)$$

ЭБЖ қолданысының шығындары:

$$I_{\text{экс ЭБЖ}} = H_{\text{ЭБЖ}} \cdot K_{\text{ЭБЖ}} = 0.028 \cdot 76.5 = 2.1 \text{ млн. тг.} \quad (2.16)$$

$H_{\text{ЭБЖ}}$ - ЭБЖ қолданыс шығынының нормасы, 2.8%-ға тең.

ЭЭБЖ амортизациялық шығыны:

$$I_{\text{аЭБЖ}} = H_{\text{аЭБЖ}} \cdot K_{\text{ЭБЖ}} = 0.1 \cdot 76.5 = 7.6 \text{ млн. тг.} \quad (2.17)$$

$H_{\text{аЭБЖ}}$ -ЭБЖ амортизация шығынының нормасы, 10% құрайды.
Қондырғы эксплуатациясының шығыны:

$$I_{\text{Экс. қон.}} = H_{\text{Э қон.}} \cdot K_{\text{Ж}} = 0.03 \cdot 198.8 \cdot 10^6 = 5.9 \text{ млн. тг.} \quad (2.18)$$

Бұл жерде $H_{\text{Э қон.}}$ -қондырғының эксплуатация шығындарының нормасы, 3%.

Қондырғының амортизациялық шығындары:

$$I_{\text{а қон}} = H_{\text{а қон}} \cdot K_{\text{Ж}} = 0.15 \cdot 198.8 \cdot 10^6 = 29.8 \text{ млн. тг.} \quad (2.19)$$

$H_{\text{а қон}}$ - қондырғының амортизация шығынының нормасы, 15%.

Шығын құны:

$$I_{\text{шығ}} = C_o + W_{\text{ЭБЖ}} = 8.87 \cdot 433023 = 3.8 \text{ млн. тг.} \quad (2.20)$$

C_o -электроэнергия бағасы

Соммалық шығындар:


$$I_{\Sigma} = I_{\text{Экс ЭБЖ}} + I_{\text{Экс. қон}} + I_{\text{а қон}} + I_{\text{аЭБЖ}} + I_{\text{шығ}} = 2.1 + 5.9 + 29.8 + 7.6 + 3.8 = 49.2 \text{ млн. тг.}$$

Келтірілген шығындар есептемесі:

$$З = E_c \cdot K_{\Sigma} + I_{\Sigma} = 0.15 \cdot 275.3 + 49.2 = 90.5 \text{ млн. тг.} \quad (2.21)$$

E_c -салыстырмалық экономикалық эффективтілік коэффициенті, 0.15.

2.2 Екінші нұсқа



2.3 - сурет - Электрмен жабдықтаудың екінші нұсқасы

Екінші нұсқа бойынша электр жабдықтарын таңдау

1) БТҚС трансформаторларын таңдау:

$$S = \sqrt{P_e^2 + Q_e^2} = \sqrt{17723^2 + 4980.2^2} = 18410 \text{ кВА.} \quad (2.22)$$

